

«БЕКІТЕМІН» 
 №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-
 балабақшасының меңгерушісі
 К.М. Муринова
 «02» қыркүйек 2024ж

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасының
 2024 - 2025 оқу жылындағы ата – анамен жұмыс жоспары**

№	Әрекет түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Баланың қауіпсіздік паспортын, отбасылық паспорттарды, ата-аналар туралы мәліметтерді ресімдеу 2. МДҰ әлеуметтік паспортын жасау 3. Жалпы ата-аналар жиналысын және топтық жиналыстар өткізу 4. Ата-аналар комитеті жұмысының жоспарын жасау 5. Ата-аналармен шарт жасасу	қыркүйек	Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері Меңгеруші
2	1. «Табиғат сыйлары» жәрмеңкесіне қатысу 2. Ата-аналар үшін «Балабақша жұмысының сапасы» сауалнамасы	қазан	Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері, психолог
3	1. «Бақытты отбасы – бақытты балалар» атты ата-аналармен психологиялық-профилактикалық кездесу 2. Отбасылық альбомдар, фоторепортаждар 3. «Күзде қонақта» фотокөрмесі (күзгі мерекелер парақшасы бойынша) 4.«Балаларды тәрбиелеудегі этикеттің рөлі» тақырыбында ата - аналармен кездесу	қараша	Топ тәрбиешілері, психолог Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері Топ тәрбиешілері
4	1. «Аяз Ата – 2025 шеберханасы» жаңажылдық қолдан жасалған бұйымдардың шығармашылық конкурсы, ата-аналармен бірлескен жұмыс 2. Ата-аналардың жаңажылдық ертеңгіліктерге қатысуы 3. «Балабақшадағы денсаулық және дене тәрбиесі» консультациясы 4. «МДҰ-ғы эстетикалық тәрбие» консультациясы	желтоқсан	Топ тәрбиешілері, психолог Топ тәрбиешілері Медициналық қызметкер Педагог - психолог
5	1. «Театрландырылған ойындардың пайдасы» консультациясы	қаңтар	Топ тәрбиешілері
6	1. Ата-аналармен «Әкем, анам және мен – спорттық отбасымыз» музыкалық-дене тәрбиесі ойын-сауығы 2. Ата-аналар үшін консультациялық пункттің жұмысы (сауал бойынша)	ақпан	Нұсқаушы Педагог-психолог, , қазақ тілі мұғалім
7	1. Ата-аналарға балалардың агрессивті мінез-құлқын түзету бойынша	наурыз	Педагог-психолог

	ұсынымдар		
8	1. Болашақтағы оқу жылына ата-аналардың сауалдарын анықтау (сауалнама) ашық есік күні 2. «Балабақшаның жұмысы туралы сіздің пікіріңіз» ата-аналардан сауалнама алу 3. «Баланың мектепке дайындығы» консультациялары дөңгелек үстел	сәуір	Топ тәрбиешілері Педагог - психолог Педагог-психолог
9	1. «Бір жыл ішінде сіздермен не істей алдық?» атты жалпы жәнетоптық ата-аналар жиналыстары 2. Мектепалды топтарындағы бітіру кештерін дайындауға және өткізуге ата-аналардың қатысуы 3. Ата-аналар комитетінің отырысы	мамыр	Меңгеруші Мектепалды топтарының тәрбиешілері

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 01 хаттамасы

« 12 » қыркүйек 2024 ж.

Қатысқандар: МДҰ әкімшілігі, педагогтер, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. Баланың қауіпсіздік паспортын, отбасылық паспорттарды, ата-аналар туралы мәліметтерді рәсімдеу.
2. МДҰ әлеуметтік паспортын жасау
3. Жалпы ата-аналар және топтық жиналыстар өткізу.
4. Ата-аналар комитеті жұмысының жоспарын жасау.
5. Ата-аналармен шарт жасасу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік паспорттарын, отбасылық паспорттарды және ата-аналар туралы мәліметтерді уақытылы жаңарту қажеттілігі туралы айтылды.

- Барлық топтар бойынша қажетті құжаттарды жинақтау және рәсімдеу.
- Мәліметтердің дұрыстығын тексеріп, жыл бойы жаңартып отыру.

2-мәселе бойынша:

МДҰ-ның әлеуметтік паспортын құру үшін тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтерді жинақтау қажеттігі талқыланды.

- Әлеуметтік паспортты белгіленген мерзімде әзірлеу.
- Әлеуметтік санаттағы отбасыларға мониторинг жүргізу.

3-мәселе бойынша:

Жылдық жоспарға сәйкес жалпы ата-аналар жиналыстары мен топтық жиналыстардың кестесі таныстырылды.

- Ата-аналар жиналыстарын жоспарға сәйкес өткізу.
- Жиналыстарда баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді қарастыру.

4-мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру және жылдық жұмыс жоспарын бекіту мәселесі қаралды.

- Ата-аналар комитетінің құрамын бекіту.
- Комитеттің жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, бекіту.

5-мәселе бойынша:

МДҰ мен ата-аналар арасындағы өзара міндеттерді айқындайтын шарттар жасау туралы ақпарат берілді.

- Барлық ата-аналармен белгіленген үлгіде шарт жасасу.
- Шарттардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстау.

Шешім:

1. Баланың қауіпсіздік паспорты мен отбасылық паспорттарды толық рәсімдеу қамтамасыз етілсін.
2. МДҰ-ның әлеуметтік паспорты жасақталып, жыл бойы жаңартылып отырсын.
3. Жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары жоспарға сәйкес өткізілсін.
4. Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары бекітілсін.
5. Барлық ата-аналармен шарт жасалып, құжаттар заң талаптарына сәйкес рәсімделсін.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 02 хаттамасы**

« 10 » қазан 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Мурнинова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. «Табиғат сыйлары» жәрмеңкесіне қатысу
2. Ата-аналар үшін «Балабақша жұмысының сапасы» сауалнамасы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Тәрбиешілер ата-аналарды «Табиғат сыйлары» жәрмеңкесінің мақсатымен таныстырды. Жәрмеңке балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға және ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталғаны айтылды.

- Барлық топтардың жәрмеңкеге белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
- Табиғи материалдардан жасалған бұйымдар мен көрмелер ұйымдастырылсын.
- Жәрмеңкені өткізу барысында қауіпсіздік талаптары сақталсын.

2-мәселе бойынша:

Ата-аналар арасында «Балабақша жұмысының сапасы» тақырыбында сауалнама жүргізудің маңыздылығы түсіндірілді. Сауалнама нәтижелері білім беру қызметінің сапасын арттыруға және ата-аналардың ұсыныстарын ескеруге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

- Барлық ата-аналардың сауалнамаға қатысуы қамтамасыз етілсін.
- Сауалнама нәтижелері талданып, қорытындысы педагогикалық ұжымға ұсынылсын.
- Анықталған ұсыныстар мен ескертулер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.

Шешім:

1. «Табиғат сыйлары» жәрмеңкесіне тәрбиеленушілер мен ата-аналардың белсенді қатысуы ұйымдастырылсын.
2. Ата-аналар арасында «Балабақша жұмысының сапасы» сауалнамасы

жүргізіліп, нәтижелері талдансын.

3. Сауалнама қорытындысы бойынша балабақша жұмысының сапасын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленсін.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 03 хаттамасы**

« 14 » қараша 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. “Бакытты отбасы-бакытты балалар” атты ата-аналармен психологиялық профилактикалық кездесу.
2. Отбасылық альбомдар, фоторепортаждар
3. “Күзде қонақта” фотокөрмесі (күзгі мерекелер парақшасы бойынша)
4. “Балаларды тәрбиелеудегі этикеттің рөлі” тақырыбында ата-аналармен кездесу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагог-психолог ата-аналарға отбасыдағы жағымды психологиялық ахуалдың бала тәрбиесіндегі маңызы туралы ақпарат берді. Баланың эмоционалдық саулығын сақтау және ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту жолдары талқыланды.

- Отбасындағы қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыру бойынша ұсыныстар ата-аналарға жеткізілсін.
- Психологиялық ағарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

2-мәселе бойынша:

Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында отбасылық альбомдар мен фоторепортаждар әзірлеу ұсынылды.

- Әр отбасы өздерінің отбасылық дәстүрлері мен құндылықтарын көрсететін материалдар дайындасын.
- Үздік жұмыстар көрме бұрышына орналастырылсын.

3-мәселе бойынша:

«Күзде қонақта» фотокөрмесін ұйымдастыру тәртібі таныстырылды. Фотокөрме арқылы балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту және ата-аналардың шығармашылық белсенділігін арттыру көзделетіні айтылды.

- Барлық топтардың фотокөрмеге қатысуы қамтамасыз етілсін.
- Ұсынылған фотосуреттерден көрме ұйымдастырылсын.

4-мәселе бойынша:

«Балаларды тәрбиелеудегі этикеттің рөлі» тақырыбында бала бойына әдептілік, сыйластық, мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудағы отбасының маңызы туралы әңгіме жүргізілді.

- Ата-аналарға этикеттік тәрбие беру бойынша әдістемелік ұсыныстар таратылсын.
- Балалардың мәдени мінез-құлқын қалыптастыруда отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы күшейтілсін.

Шешім:

1. «Бақытты отбасы – бақытты балалар» тақырыбындағы психологиялық-профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
2. Отбасылық альбомдар мен фоторепортаждар ұйымдастырылып, көрмеге қойылсын.
3. «Күзде қонақта» фотокөрмесі жоғары деңгейде өткізілсін.
4. Балаларды тәрбиелеудегі этикеттің рөлі туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 04 хаттамасы**

« 12» желтоқсан 2024 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Мурينو

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. «Аяз Ата-2025 шеберханасы» жаңажылдық қолдан жасалған бұйымдардың шығармашылық конкурсы, ата-аналармен бірлескен жұмыс
2. Ата-аналардың жаңа жылдық ертеңгіліктерге қатысуы
3. «Балабақшадағы денсаулық және дене тәрбиесі» консультациясы
4. «МДҰ-ғы эстетикалық тәрбие» консультациясы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Тәрбиешілер ата-аналарды «Аяз Ата – 2025 шеберханасы» шығармашылық конкурсының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Конкурс балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылығын дамытуға, отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталғаны атап өтілді.

- Барлық топтардың конкурсқа белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
- Жаңажылдық тақырыптағы қолдан жасалған бұйымдар көрмесі ұйымдастырылсын.
- Үздік жұмыстар марапаттауға ұсынылсын.

2-мәселе бойынша:

Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу жоспары таныстырылып, ата-аналардың мерекелік іс-шараларға қатысуының маңыздылығы айтылды.

- Ата-аналардың ертеңгіліктерге қатысуына жағдай жасалсын.
- Мерекелік шараларды ұйымдастыру барысында қауіпсіздік талаптары сақталсын.
- Балалардың мерекелік көңіл-күйін қалыптастыруға ата-аналар белсенді атсалыссын.

3-мәселе бойынша:

«Балабақшадағы денсаулық және дене тәрбиесі» тақырыбында балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау және қимыл-қозғалыс белсенділігінің маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

- Ата-аналарға салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілсін.
- Балалардың денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстар отбасы мен балабақшада бірлесіп жүргізілсін.

4-мәселе бойынша:

«МДҰ-дағы эстетикалық тәрбие» тақырыбында баланың көркемдік талғамын, шығармашылық қабілеттерін дамытудағы эстетикалық тәрбиенің рөлі туралы айтылды.


- Ата-аналар балалардың шығармашылық белсенділігін қолдап отырсын.
- Эстетикалық тәрбие беру бағытындағы іс-шараларға ата-аналар тартылсын.

Шешім:

1. «Аяз Ата – 2025 шеберханасы» шығармашылық конкурсы ұйымдастырылып, ата-аналар мен балалардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктер жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналардың қатысуы ұйымдастырылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайту және дене тәрбиесін жетілдіру бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Эстетикалық тәрбие беру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 05 хаттамасы**

«17» қаңтар 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Мурнинова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. «Театрландырылған ойындарды пайдасы» консультациясы

Тыңдалды:

«Театрландырылған ойындардың пайдасы»

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда театрландырылған ойындардың маңызы ерекше. Театрландырылған ойын – балалардың белгілі бір кейіпкердің рөлін сомдап, оның мінез-кұлқын, іс-әрекетін, сезімін бейнелеуі арқылы жүзеге асатын шығармашылық әрекет. Мұндай ойындар баланың жан-жақты дамуына ықпал етіп, оның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі.

Театрландырылған ойындардың басты артықшылығы – баланың сөйлеу тілін дамытуы. Кейіпкерлердің сөздерін жаттау, диалогтарға қатысу барысында баланың сөздік қоры молайып, дыбыстарды анық айтуы қалыптасады. Сонымен қатар балалар өз ойын еркін жеткізуге, сөйлеу мәдениетін сақтауға үйренеді. Әсіресе тіл дамыту жұмыстары үшін театрландырылған ойындардың маңызы зор.

Театрландырылған ойындар балалардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бала өзіне берілген рөлді сомдау барысында түрлі әрекеттерді ойлап тауып, кейіпкердің бейнесін жасауға талпынады. Бұл оның шығармашылық ойлауын жетілдіріп, қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады.

Баланың эмоциялық дамуына да театрландырылған ойындардың әсері мол. Ойын барысында бала қуану, ренжу, таңдану, жанашырлық таныту сияқты сезімдерді көрсетеді. Осы арқылы ол өз эмоцияларын басқаруды және басқа адамдардың көңіл-күйін түсінуді үйренеді. Бұл өз кезегінде балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Театрландырылған ойындар балалардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Ертегілер мен көріністердегі жағымды


кейіпкерлерге еліктеу арқылы балалар мейірімділікке, адалдыққа, достыққа, үлкендерді құрметтеуге тәрбиеленеді. Жағымсыз кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай отырып, жақсы мен жаманды ажырата білуге үйренеді.

Сонымен қатар мұндай ойындар балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін және ойлауын дамытады. Рөлдерді жаттау, оқиғалардың ретін сақтау, сахнадағы әрекеттерді орындау баланың танымдық белсенділігін арттырады. Балалар ұжыммен жұмыс істеуге, бір-бірін тыңдауға және ортақ мақсатқа жетуге дағдыланады.

Шешім:

- «Театрландырылған ойындардың пайдасы» тақырыбындағы консультация материалдары ата-аналарға таратылсын.
- Театрландырылған ойындарды балалардың шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамыту құралы ретінде кеңінен пайдалану ұсынылсын.
- Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында театрлық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Төрағасы:
Хатшы :



К.М.Муринова
Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 06 хаттамасы**

«21» ақпан 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог,мамандар, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналармен «Әкем, анам және мен-спорттық отбасымыз» музыкалық, дене тәрбиесі ойын-сауығы.
2. Ата-аналар үшін консультациялық пункттің жұмысы (сауалнама бойынша)

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Дене шынықтыру нұсқаушысы мен музыка жетекшісі «Әкем, анам және мен – спорттық отбасымыз» атты музыкалық-спорттық ойын-сауықтың мақсаты мен міндеттері туралы ақпарат берді. Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасы мүшелерін ортақ спорттық іс-әрекетке тарту, салауатты өмір салтын насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту екендігі атап өтілді.

- Іс-шараға барлық топтардың ата-аналары мен тәрбиеленушілерінің белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
- Спорттық жарыстар мен музыкалық ойындар қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.
- Белсенді қатысқан отбасылар марапатталсын.

2-мәселе бойынша:


Сауалнама нәтижелері негізінде ата-аналарға консультациялық пункт жұмысының бағыттары таныстырылды. Ата-аналарды қызықтыратын мәселелер бойынша психологиялық-педагогикалық кеңестер беру қажеттілігі айтылды.

- Сауалнама қорытындысы бойынша анықталған сұраныстарға сәйкес консультациялар ұйымдастырылсын.
- Ата-аналарға баланы тәрбиелеу, дамыту және мектепке дайындау бойынша әдістемелік көмек көрсетілсін.
- Консультациялық пункттің жұмысы жыл бойы жүйелі түрде жүргізілсін.

Шешім:

1. «Әкем, анам және мен – спорттық отбасымыз» музыкалық-спорттық ойын-сауығы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Отбасылық спорттық іс-шаралар арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Консультациялық пункттің жұмысы сауалнама нәтижелеріне сәйкес ұйымдастырылып, ата-аналарға қажетті кеңестер берілсін.
4. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Төрағасы:
Хатшы :



К.М.Муринова
Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 07 хаттамасы**

«14» наурыз 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарға балалардың агрессивті мінез-құлқын түзету бойынша ұсынымдар.

Тыңдалды:

«Балалардың агрессивті мінез-құлқын түзету бойынша ата-аналарға ұсынымдар»

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі – әрбір ата-ананың ең жауапты міндеттерінің бірі. Баланың мінез-құлқы оның қоршаған ортамен қарым-қатынасына, эмоциялық жағдайына және отбасындағы тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Кейде балаларда ашуланшақтық, қырсықтық, төбелесуге бейімділік, айқайлау сияқты агрессивті мінез-құлық белгілері байқалуы мүмкін. Мұндай жағдайлар ата-аналарды алаңдататыны сөзсіз. Сондықтан агрессивті мінез-құлықтың себептерін анықтап, оны түзету жолдарын білу маңызды.

Агрессивті мінез-құлық дегеніміз не?

Агрессия – бұл баланың ашу-ыза, реніш немесе наразылық сезімдерін айналасындағыларға зиян келтіретін әрекеттер арқылы көрсетуі. Агрессия сөз арқылы (айқайлау, балағаттау, қорқыту) немесе іс-әрекет арқылы (соғу, итеру, заттарды сындыру) көрінуі мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы балалар өз сезімдерін толық жеткізе алмайтындықтан, кейде агрессия арқылы эмоцияларын білдіреді. Бұл олардың міндетті түрде тәрбиесіз екенін білдірмейді. Көбінесе бұл – баланың ішкі күйзелісінің белгісі.

Балалар агрессиясының себептері

Балалардың агрессивті мінез-құлқы әртүрлі себептерден туындауы мүмкін:

- Отбасындағы жиі жанжалдар мен түсініспеушіліктер;
- Баланың назар мен мейірімнің жеткіліксіздігін сезінуі;
- Қатты шаршау немесе күн тәртібінің бұзылуы;
- Теледидардағы, интернеттегі немесе ойындардағы зорлық-зомбылық көріністері;
- Құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтар;
- Тыйымдардың көп болуы немесе шамадан тыс еркелету;


- Баланың өзін қорғай алмауы немесе қорқыныш сезімі.

ШЕШІМ:

1. Балалардың агрессивті мінез-құлқының алдын алу және түзету мақсатында ата-аналарға ұсынылған психологиялық-педагогикалық кеңестерді күнделікті тәрбие барысында қолдану ұсынылсын.
2. Отбасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырып, балаға мейірімділік пен құрмет көрсетуге ерекше көңіл бөлінсін.
3. Балалардың эмоцияларын дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру үшін ойын, шығармашылық және спорттық іс-әрекеттерге белсенді қатыстыру қамтамасыз етілсін.
4. Балалардың теледидар, интернет және компьютерлік ойындарды пайдалану уақытын бақылау және жас ерекшелігіне сай контентті таңдау ұсынылсын.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 08 хаттамасы**

«14» сәуір 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Мурнинова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде

1. Болашақтағы оқу жылына ата-аналардың сауалдарын анықтау (сауалнама) ашық есік күні
2. Балабақшаның жұмысы туралы сіздің пікіріңіз» ата-аналардан сауалнама алу.
3. «Баланың мектепке дайындығы» консультациялары дөңгелек үстел

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер ата-аналардың болашақ оқу жылына қатысты ұсыныстары мен сұраныстарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізудің маңыздылығы туралы айтты. Сонымен қатар Ашық есік күні арқылы ата-аналардың балабақшадағы оқу-тәрбие процесімен, педагогтердің жұмысымен және балалардың күн тәртібімен танысуына мүмкіндік берілетіні атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Менгеруші «Балабақшаның жұмысы туралы сіздің пікіріңіз» тақырыбындағы сауалнаманың мақсаты ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттану деңгейін анықтау, ұсыныстары мен пікірлерін жинақтау екендігін түсіндірді. Сауалнама нәтижелері мекеме жұмысын жетілдіруге бағытталатыны айтылды.

3-мәселе бойынша:

Педагог-психолог пен тәрбиешілер «Баланың мектепке дайындығы» тақырыбында консультация өткізіп, баланың мектепке даярлығы тек білім деңгейімен ғана емес, оның психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық және дене дамуының қалыптасуымен де байланысты екенін түсіндірді. Дөңгелек үстел барысында ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, мектепке дейінгі дайындық бойынша өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Шешім:

- Болашақ оқу жылына арналған ата-аналардың сұраныстары мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілсін және нәтижелері келесі оқу жылының жұмыс жоспарын құруда ескерілсін.
- Ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналарға балабақшадағы оқу-тәрбие процесімен танысуға мүмкіндік берілсін.
- «Балабақшаның жұмысы туралы сіздің пікіріңіз» сауалнамасының қорытындысы талданып, анықталған ұсыныстар мен ескертулер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.
- Ата-аналардың қанағаттану деңгейін арттыру мақсатында балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
- «Баланың мектепке дайындығы» тақырыбындағы консультациялар мен дөңгелек үстел барысында берілген ұсыныстарды ата-аналар тәжірибеде қолдансын.
- Балалардың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық дайындығын қалыптастыру бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсетілсін.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 09 хаттамасы**

«23» мамыр 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. «Бір жыл ішінде сіздермен не істей алдық?» атты жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары
2. Мектепалды топтарындағы бітіру кештерін дайындауға және өткізуге ата-аналардың қатысуы
3. Ата-аналар комитетінің отырысы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Меңгеруші мен тәрбиешілер оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға талдау жасап, балалардың жетістіктері, өткізілген іс-шаралар, тәрбиелік және білім беру жұмыстарының нәтижелері туралы ақпарат берді. Ата-аналарға жыл бойы көрсеткен қолдаулары мен белсенді қатысулары үшін алғыс айтылды.

2-мәселе бойынша:

Мектепалды топтарының тәрбиешілері бітіру кешін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Мерекелік іс-шараны безендіру, балалардың өнер көрсетуі, сыйлықтар дайындау және мерекені өткізу барысындағы ата-аналардың көмегі талқыланды.

3-мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетінің төрағасы комитеттің бір жылдық жұмыс қорытындысын таныстырды. Оқу жылы ішінде өткізілген іс-шараларға қатысуы, көрсетілген көмектер мен атқарылған жұмыстар туралы есеп берілді.

Шешім:


1. Оқу жылының қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысу тәжірибесі келесі

оқу жылында да жалғастырылсын.

3. Мектепалды топтарының бітіру кештерін ұйымдастыруға ата-аналар белсенді түрде тартылсын.
4. Бітіру кештерін жоғары деңгейде өткізу үшін тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы ұйымдастырылсын.
5. Ата-аналар комитетінің жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
6. Келесі оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің жұмыс бағыттары айқындалып, ұсыныстар енгізілсін.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.